

## Мемлекеттік органдар болып табылмайтын мемлекеттік мекемелердің ақылы қызметтерді көрсету ережесін бекіту туралы

### *Күшін жойған*

Қазақстан Республикасының Табиғи монополияларды реттеу және бәсекелестікті қорғау жөніндегі агенттігі төрағасының 2002 жылғы 11 қыркүйектегі N 185-НҚ бұйрығы. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде 2002 жылғы 17 қазанда тіркелді. Тіркеу N 2014. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Табиғи монополияларды реттеу агенттігі төрағасының 2013 жылғы 14 наурыздағы № 82-нқ бұйрығымен

**Ескерту. Күші жойылды - ҚР Табиғи монополияларды реттеу агенттігі төрағасының 14.03.2013 № 82-нқ бұйрығымен.**

Мемлекеттік органдар болып табылмайтын мемлекеттік мекемелердің ақылы қызметтерді көрсету тәртібін белгілеу, олар көрсететін қызметтерге бағаны реттеу мақсатында, **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Қоса беріліп отырған Мемлекеттік органдар болып табылмайтын мемлекеттік мекемелердің ақылы қызметтерді көрсету ережесі бекітілсін.

2. Бәсекелестікті дамыту департаменті (Н.Х.Жұмабаева) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін және оны кейіннен ресми бұқаралық ақпарат құралдарында жариялауды қамтамасыз етсін.

3. Әкімшілік жұмысы департаменті (Б.Б.Досан) осы бұйрықты Агенттіктің аумақтық департаменттерінің назарына жеткізсін.

4. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Агенттік төрағасының орынбасары А.Р.Ойнаровка жүктелсін.

5. Осы бұйрық қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

*Төраға*

Қазақстан Республикасының  
Табиғи монополияларды реттеу  
және бәсекелестікті қорғау  
жөніндегі агенттігі төрағасының  
2002 жылғы 11 қыркүйектегі  
N 185 - НҚ бұйрығымен  
бекітілген

## **Мемлекеттік органдар болып табылмайтын мемлекеттік мекемелердің ақылы қызметтерді көрсету ережесін бекіту туралы 1. Жалпы ережелер**

1. Осы Мемлекеттік органдар болып табылмайтын мемлекеттік мекемелердің ақылы қызметтерді көрсету ережесі (бұдан әрі - Ереже) мемлекеттік органдар болып табылмайтын мемлекеттік мекемелердің ақылы қызметтерді көрсетуінің, олар көрсететін ақылы қызметтерге бағаларды қалыптастырудың, қараудың және бекітудің бірыңғай тәртібін белгілеу мақсатында енгізіліп отыр.

2. Осы Ереже мемлекеттік органдар болып табылмайтын, тізбесі заңнамаға сәйкес қалыптастырылатын және бекітілетін мемлекеттік мекемелерге қолданылады.

3. Ақылы қызметтерді көрсетуден түсетін түсімдерді мекеменің ағымдағы " Ақылы қызметтерден түсімдер" шотына есептеуге рұқсат етілетін, мемлекеттік органдар болып табылмайтын мемлекеттік мекемелер Қазақстан Республикасының тиісті жылға арналған республикалық бюджет туралы Заңымен айқындалады. Қараңыз K080000095, P090000220

4. Ережеде мынадай ұғымдар пайдаланылады:  
уәкілетті органдар - басқаруында мемлекеттік органдар болып табылмайтын мемлекеттік мекемелер бар орталық немесе жергілікті атқарушы органдар;  
тұтынушылар - мемлекеттік органдар болып табылмайтын мемлекеттік органдардан қызметтерді алатын заңды тұлғалар мен азаматтар.

### **2. Ақылы қызметтерді ұсыну тәртібі**

5. Мемлекеттік органдар болып табылмайтын мемлекеттік мекемелер тұтынушыларға ақылы қызметтерді көрсету орындарында мынадай көрнекі ұсынылған ақпаратқа ие болуға тиіс:

1) толық көлемде (қысқартусыз) баяндалған осы Ереже;  
2) осы мемлекеттік органдар болып табылмайтын мемлекеттік мекемелер көрсететін ақылы қызметтердің, өтініштерді қарау мерзімдері көрсетілген тізбесі;

3) уәкілетті органдар бекіткен, ұсынылатын қызметтер бағаларының прейскуранты.

6. Мемлекеттік органдар болып табылмайтын мемлекеттік мекемелер ақылы қызметтерді тұтынушының ауызша немесе жазбаша өтінішінің негізінде көрсетеді.

7. Прейскурантта көзделмеген төлемді өндіріп алуға тыйым салынады.

### **3. Мемлекеттік органдар болып табылмайтын мемлекеттік мекемелер мен тұтынушылардың ақылы қызметтерді көрсету (алу) кезіндегі құқықтары мен міндеттері**

8. Мемлекеттік органдар болып табылмайтын мемлекеттік мекемелер:

- 1) тұтынушыларға көрнекі және қол жетер нысанда қажетті және сенімді а қ п а р а т ұ с ы н у ғ а ;
- 2) тұтынушыларға көрсетіліп отырған ақылы қызметтерге қатысты мәселелер бойынша түпкілікті тегін консультациялар беруге;
- 3) қызметтерді толық көлемде, преЙскурантта көзделген баға бойынша және мерзімдерде ұсынуға міндетті.

9 . Т ұ т ы н у ш ы л а р :

- 1) мемлекеттік органдар болып табылмайтын мемлекеттік мекемелер көрсететін қызметтер үшін төлем жасауға;
- 2) мекемелерге өзінің деректемелерін:  
заңды тұлғалар - ұйымның атауын, орналасқан орнын, төлем деректемелерін, С Т Н ;  
жеке тұлғалар - аты-жөнін, тұрғылықты орнын, төлем деректемелерін, СТН хабарлауға міндетті.

10. Мемлекеттік органдар болып табылмайтын мемлекеттік мекемелер ақылы қызметтерді ұсыну кезінде қызметтерге алдын ала ақы төлеуді талап етуге құқылы.

11. Ақылы қызметті ұсынбаған немесе тиісінше ұсынбаған жағдайда тұтынушы заңдарда белгіленген тәртіппен мемлекеттік органдар болып табылмайтын мемлекеттік мекеменің іс-қимылдарына шағымдануға құқылы.

### **4. Мемлекеттік органдар болып табылмайтын мемлекеттік мекемелердің ақылы қызметтеріне баға белгілеу тәртібі**

12. Мемлекеттік органдар болып табылмайтын мемлекеттік мекемелердің ақылы қызметтеріне бағаларды осы Ережеге сәйкес өздері дербес белгілейді және басқаруында осы мекемелер бар Уәкілетті органдар бекітеді.

13. Мекемелердің ақылы қызметтеріне бағаларды бекіту немесе оларды өзгерту тоқсанына бір реттен жиі жүргізілмейді.

Бекітілген бағалар алдағы тоқсан басының 1 күнінен бастап енгізіледі.

14. Уәкілетті органдар қосымша материалдарды сұратуға құқылы, мекемелер оларды сұрау алынған сәттен бастап, үш күндік мерзімде ұсынуға міндетті.

Бағаларды бекіту мынадай тәртіппен жүзеге асырылады:

1) мемлекеттік органдар болып табылмайтын мемлекеттік мекемелер баға жобаларын Уәкілетті органдарға тоқсан басталғанға дейін 45 күн бұрын ұсынады ;

2) уәкілетті органдар бағаларды бекітуге қажетті барлық материалдарды алған күннен бастап 20 күндік мерзімде ұсынылған жобаларды қарайды және тиісті шешімдер қабылдайды.

15. Бағалардың жобалары титул парағы, "Жалпы ереже" бөлімі, бағалардың кестесі бар преysкуранттардың жобалары нысанында ұсынылады.

16. Преysкуранттардың жобаларына:

1) көрсетілетін қызметтер үшін төлемдер өндіріп алу негізінде бағаларды бекіту немесе қайта қарау қажеттігі негізделетін түсіндірме жазба, төлем өндіру негіздемесі ;

2) қызметтерді көрсету жөніндегі нормативтік-техникалық құжаттама;

3) өткен кезеңдегі (жыл, тоқсан) қаржыландыру жоспары;

4) 1-нысан бойынша баға жобасын есептеуге арналған жиынтық деректер (1-қосымша) ;

5) 2-нысан бойынша қызметтердің әрбір түрі бойынша шығындар құрамының калькуляциясы (2-қосымша) ;

6) шығындардың баптары бойынша таратып жазу (3, 4-қосымшалар);

7) Қазақстан Республикасының Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі белгілеген тәртіппен Уәкілетті органдар бекіткен уақыт нормалары қоса беріледі.

17. Есеп айырысу және негіздеуші материалдардың әрбір парағына мемлекеттік органдар болып табылмайтын мемлекеттік мекеменің басшысы мен бас бухгалтері қол қояды.

## **5. Мемлекеттік органдар болып табылмайтын мемлекеттік мекемелердің ақылы қызметтеріне бағаларды қалыптастыру тәртібі**

18. Мемлекеттік органдар болып табылмайтын мемлекеттік мекемелер көрсететін ақылы қызметтерге бағаларды қалыптастыру кезінде Бухгалтерлік есептің стандарттарына, салық заңдарына сәйкес келетін шығындар, осы Ережеде көзделген шектеулерді ескере отырып, ескеріледі .

Ұсынылатын материалдардағы есептік деректер Бухгалтерлік есеп стандарттарының тиісті нысандары көрсеткіштерінің негізінде толтырылады.

19. Бағаларды қалыптастыру кезінде шығындардың құрамында көрсетілетін қызметтердің өзіндік құнына тура және тікелей енгізілуі мүмкін қызметтерді

көрсетумен байланысты шығыстар ескеріледі:

1) материалдық шығындар (шикізат және материалдар, сатып алынатын бұйымдар мен жартылай дайын бұйымдар, көмекші материалдар) кіреді.

Бағаларға енгізілетін материалдық шығындар, егер заңдарда оларды бекітудің басқа тәртібі көзделмесе, Уәкілетті орган бекіткен немесе сараптық бағалаудан өткізген өнім бірлігін шығаруға жұмсалатын шикізаттың, материалдардың, электр энергиясының шығыс нормаларына сүйене отырып, айқындалады.

Материалдық шығындардың құны қосылған құн салығынсыз бағалардың калькуляциясында ескеріледі;

2) мекемелердің қызметкерлеріне еңбекақы төлеу жүйесі мемлекеттік қызметшілер болып табылмайтын мемлекеттік мекемелер қызметкерлерінің еңбегіне ақы төлеу жүйесіне сәйкес, заңдарда белгіленген тәртіппен қолданылады;

3) ақылы қызметтерді көрсету кезінде тікелей іске қосылған өзге де шығындар енгізіледі.

20. Еңбекақы төлеуге шығыстарды есептеу кезінде қызметкерлердің нақты, бірақ нормативтіктен аспайтын саны ескеріледі.

Қызметкерлердің нормативтік саны мен мекемелері ақылы қызметтеріне жұмсалатын уақыт нормативтерін Қазақстан Республикасының Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау жөніндегі министрлігі белгілеген тәртіппен Уәкілетті орган бекітеді.

21. Мемлекеттік органдар болып табылмайтын мемлекеттік мекемелердің ақылы қызметтеріне бағаларды қалыптастыру кезінде ақылы қызметтерді көрсетумен тікелей байланысы жоқ шығыстар (жалпы және әкімшілік шығыстар) мен пайда нормасы ескерілмейді.

22. Мекемелердің ақылы қызметтеріне баға теңгемен белгіленеді.

## **6. Мемлекеттік органдар болып табылмайтын мемлекеттік мекемелердің ақылы қызметтерді көрсету тәртібін бақылау**

23. Уәкілетті органдар мемлекеттік органдар болып табылмайтын мемлекеттік мекемелердің қызметіне ақылы қызметтерді көрсету мен құнын есептеу бөлігінде жыл сайын тексерулерді жүзеге асыруға құқылы. Тексеру нәтижелері бойынша бағаларды негіздеу үшін берілген деректердің нақты деректерден елеулі ауытқуы анықталған кезде уәкілетті органдар өз шешімін жоюға немесе преискурантка өзгерістер енгізуге құқылы.

24. Осы Ереженің орындалуын бақылауды бәсекелестікті дамыту және монополистік қызметті шектеу жөніндегі уәкілетті орган - Қазақстан Республикасының Монополияға қарсы агенттігі жүзеге асырады.

## 7. Осы Ереженің талаптарын сақтамағаны үшін жауапкершілік

25. Мемлекеттік органдар болып табылмайтын мемлекеттік мекемелердің лауазымды тұлғалары осы Ереженің талаптарын орындамағаны және тиісінше орындамағаны үшін, сондай-ақ сенімсіз және жалған мәліметтерді ұсынғаны үшін Қазақстан Республикасының заңдарында көзделген тәртіппен жауапкершілікке тартылады.

Қазақстан Республикасы Табиғи монополияларды реттеу және бәсекелестікті қорғау жөніндегі агенттігінің 2002 жылғы 11 қыркүйектегі N 185-НҚ бұйрығымен бекітілген Мемлекеттік органдар болып табылмайтын мемлекеттік мекемелердің ақылы қызметтерді көрсету ережесіне

1-қосымша

1-нысан

Мекен-жай (факс, тел.)

Мекеменің атауы \_\_\_\_\_

1-нысан

Құрылтайшы \_\_\_\_\_

## 200\_\_ жылғы "\_\_\_" \_\_\_\_\_ жағдай бойынша бағалар жобасын есептеуге арналған деректер

N	!Шығындар	баптары	мен	басқа!	Өткен	кезең!	Ақылы	қызметтерді	көр.	
	!да	көрсеткіштерің	атаулары!	дегі	(жылғы)!сету	жөніндегі	шығыстар			
!					!ақылы	қыз.	!-----			
!					!меттер	жө.	!Қолданыс!	!Бір	!Баға	
!					!ніндегі	нақ!	!тағы	ба.	!жылға	!есеп.
!					!ты	көрсет.	!ғада	қа.	!баға	!теу
!					!кіштер		!былданды	!есеп.	!үшін	
!					!-----!	жыл	!теу	!уәкі.		
!					!Бар!	!Оның	! (тоқсан)	!үшін	!летті	
!					!лығы!	ішінде	!	!мекеме!	!орган	
!					!	!тоқсан.	!	!жоба.	!бір	
!					!	!дар	бо.	!	!лайтын!	!жылға
!					!	!йынша	!	!	!көр.	!(тоқ.

1	2	3	4	5	6	7
1.	Ақылы ден	қызметтерді түскен	қаражат	көрсету.		
барлығы	( млн . теңге )		д е р і	түсім .		-
2.	Ақылы	қызметтерді жөніндегі		көрсету шығындар		-
барлығы	( млн . теңге )					
1)	Шикізат	пен		материалдар		
2)	Сатып	алынған		бұйымдар,		
		жартылай		фабрикаттар,		
		көмекші		материалдар		
3 )		О т ы н				
4 )		Э н е р г и я				
5 )	Б а с қ а			шығындар		
6)	Негізгі	құралдардың		тозуы		
7)	М а т е р и а л д ы қ			емес		
		активтердің		өтелімі		
8)	Еңбекақы			шығыстары		
		б а р л ы ғ ы				-
		О н ы ң		і ш і н д е :		
		үстемеақылар,		төлемдер,		
		ө т е м а қ ы л а р				
9)	Еңбекақы			төлеуден		
аударымдар						
				А Н Ы Қ Т А М А :		
1	С а н ы	-		б а р л ы ғ ы		
		( м ы ң		а д а м )		
		о н ы ң		і ш і н д е :		
		А қ ы л ы		қ ы з м е т т е р д і		
		ж ү з е г е		а с ы р а т ы н :		
		н о р м а т и в		б о й ы н ш а		
нақты						

## Б а с ш ы

### Бас бухгалтер

Қазақстан Республикасы Табиғи монополияларды реттеу және бәсекелестікті қорғау жөніндегі агенттігінің 2002 жылғы 11 қыркүйектегі N 185-НҚ бұйрығымен бекітілген Мемлекеттік органдар болып табылмайтын

мемлекеттік мекемелердің ақылы  
 қызметтерді көрсету ережесіне  
 2-қосымша  
 2-нысан

-----  
 (қызмет, жұмыс атауы)

-----  
 (мекеме атауы)

## КАЛЬКУЛЯЦИЯСЫ

Қолданыстағы баға: \_\_\_\_\_ теңге \_\_\_\_\_ тиын

Бекітілген күні: 200\_\_ жылғы \_\_\_\_\_

Калькуляциялық бірлік: 1 қызмет

N	Шығындар баптары мен басқа да	Өткен кезең	Баға	Баға есептеу
1	2	3	4	5
1	Шикізат пен материалдар			
2	Сатып алынған бұйымдар, жартылай фабрикаттар, көмекші материалдар			
3	Отын			
4	Энергия			
5	Негізгі құралдардың тозуы			
6	Еңбекақы төлеу шығыстары барлығы - Қосымша еңбекақы (үстеме ақылар, төлемдер, өтемақылар)			
	Еңбекақы төлеуден аударымдар			
7	Басқа шығындар			
8	Қызметтерді ұсыну жөніндегі барлық шығын			
9	Қызметтің қосылған құн салығынсыз бағасы			
10	Қосылған құн салығы бағасы	Қызметтің	ҚҚС - мен	бірге



*Б а с ш ы*

*Бас бухгалтер*

Қазақстан Республикасы Табиғи  
монополияларды реттеу және  
бәсекелестікті қорғау жөніндегі  
агенттігінің 2002 жылғы 11 қыркүйектегі  
N 185-НҚ бұйрығымен бекітілген  
Мемлекеттік органдар болып табылмайтын  
мемлекеттік мекемелердің ақылы  
қызметтерді көрсету ережесіне  
3-қосымша  
(2-нысанға)

### **Материалдық шығындарды таратып жазу**

Материалдық шығындардың атауы!	Өлшем бірлігі!	Баға есептеу кезінде ескерілген нормалар бойынша бір жұмсалатын шығындар	шығыс	баға	сома
1	2	3	4	5	
Ш и к і з а т		п е н			
материалдар					
К ө м е к ш і					
материалдар					
Энергия					
Отын					

*Б а с ш ы*

*Бас бухгалтер*

Қазақстан Республикасы Табиғи  
монополияларды реттеу және  
бәсекелестікті қорғау жөніндегі  
агенттігінің 2002 жылғы 11 қыркүйектегі  
N 185-НҚ бұйрығымен бекітілген  
Мемлекеттік органдар болып табылмайтын  
мемлекеттік мекемелердің ақылы  
қызметтерді көрсету ережесіне  
4-қосымша  
(2-нысанға)

## "Еңбекақы" бабы бойынша таратып жазу

Жұмыс түрлері	!	Баға есептеу кезінде ескерілді
		!-----
	!Еңбек сыйымдылығы !	1 сағаттың ! Еңбекақы
	! нормативтері !	құны ! сомасы
-----		
Лауазымдық жалақы		
Үстемеақылар, төлемдер		
Өтемақылар		
Барлығы:		

*Б а с ш ы*

*Бас бухгалтер*